

**Банктік емес сектордың ағымдағы жағдайы
(2006 жылғы 1 қарашадағы)**

2006 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 20 ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 8 ипотекалық ұйым жұмыс істейді.

№	Ұйымның атауы	01.01.2006	01.11.2006
1	Ипотекалық ұйымдар	7	8
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	50	12
	Жиынтығы	57	20

Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2006 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ипотекалық ұйым активтерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 41 969,2 млн. теңгеге немесе 55,7 %-ға өсіп, 117 315,5 млн. теңгені құрады.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасының елеулі үлесін заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрап отыр – 81,1% (95 087,2 млн. теңге), ал бағалы қағаздар үлесіне – 11,0% (12 842,4 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарда орналастырылған салымдарға – 1,8% (2 069,4 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға 2,1% (2 500,0 млн. теңге) келіп отыр.

Ипотечные организации

Структура активов ипотечных организаций по состоянию на 01.01.06г. (%)



Структура активов ипотечных организаций по состоянию на 01.11.06г. (%)




Ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2006		01.11.2006		Өсім, (%-пен)
	млн. теңге	% -пен жиынтығы	млн. теңге	% -пен жиынтығы	
Қолма-қол ақша	21,7	0,03	128,9	0,11	в 5,9 раза
Корреспонденттік шоттар	464,5	0,62	2 069,4	1,76	в 4,5 раза
Бағалы қағаздар	2 295,0	3,04	12 842,4	10,95	в 5,6 раза
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	1 813,1	2,41	2 500,0	2,13	37,89
«Кері РЕПО» операциясы	0	0,00	390,0	0,33	-
Клиенттерге берілген заемдар	68 328,1	90,69	95 087,2	81,05	39,16
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	0	0,00	2 165,4	1,85	-
Негізгі қаражаттар және материалдық емес активтер	424,8	0,56	949,8	0,81	в 2,2 раза
Басқа активтер	1 999,1	2,65	1 182,4	1,01	-40,85
БАРЛЫҒЫ АКТИВТЕР	75		117 315,		
	346,30	100	5	100	55,70

Кредиттік портфель. 2006 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі жыл басымен салыстырғанда 39,2%-ке өсіп, 95 087,2 млн. теңге болды.

Қаралып отырған кезеңде ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 98,6%-дан 95,1%-ға дейін кеміді, күмәнді кредиттердің үлесі 1,1%-тен 4,7%-ке дейін ұлғайды, ал үмітсіз кредиттердің үлесі 0,3%-тен 0,2%-ке дейін кеміді.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2006		01.11.2006	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -пен жиынтығы	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -пен жиынтығы
Несие портфелі барлығы	68 328,1	100,0	95 087,2	100,0
Стандартты	67 379,2	98,6	90 440,3	95,1
Күмәнді	781,6	1,1	4 447,3	4,7
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	1,4	0,0	2 628,8	2,8
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	552,1	0,8	1 435,8	1,5
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	0	0,0	0	0
<i>4 санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	153,1	0,2	263,1	0,3

5 санатты күмәнді	75,0	0,1	119,6	0,1
Үмітсіздер	167,3	0,3	199,6	0,2



1 қарашадағы жағдай бойынша 3 ірі ипотекалық ұйымның аталмыш ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі үлесі 99,4%-ды құрады. Олардың ішінде «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 51,9%, «БТА Ипотека» АҚ - 42,4%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 5,1%.


Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелердің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 29 511,8 млн. теңгеге немесе 47,6 %-ға өсті және 2006 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 91 565,7 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (72,2%-ға) және басқа банктерден алынған заемдар (25,0 %-ға) басым болды.

Ипотекалық ұйымдарының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.06		01.11.06		Өсім, (%-пен)
	млн. теңге	% -пен жиынтығы	млн. теңге	% -пен жиынтығы	
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	11 558,2	18,6	22 918,6	25,0	98,3
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	219,0	0,4	0	0,0	-
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	48 777,3	78,6	66 069,9	72,2	35,5
Басқа кредиторлар	384,1	0,6	671,1	0,7	74,7
Басқа міндеттемелер	1 115,3	1,8	1 906,1	2,1	70,9
Міндеттемелердің барлығы	62 053,9	100,0	91 565,7	100,0	47,6

Структура обязательств ипотечных организаций по состоянию на 01.11.06г. (%)



Структура обязательств ипотечных организаций по состоянию на 01.01.06г. (%)



Кірістілік. 2006 жылғы 1 қарашада ипотекалық ұйымдар кіріс салығын төлегеннен кейін 1 839,2 млн теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, (2005 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша – 1 133,6 млн. теңге) бұл өткен жылдың осындай ұқсас кезеңіне қарағанда 62,2%-ке көп. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 12 204,6 млн. теңге болды (2005 жылғы 1 қарашада – 6 531,4 млн. теңге), шығыстар – 10 365,4 млн. теңге (2005 жылғы 1 қарашада – 5 397,8 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдарының кірістілігі, млрд. теңгемен	01.11.05	01.11.06	Өзгеріс (+;-),
Сыйақы алуға байланысты кірістер	5 747,1	9 902,8	72,3
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	3 119,9	5 770,3	85,0
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер	784,3	2 301,8	193,5
Сыйақы төлемін жасауға байланысы жоқ шығыстар	2 277,9	4 595,1	101,7

Проценттік кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (74,2% немесе 9 053,8 млн. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал проценттік шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша (43,2% немесе 4 473,4 млн. теңге) төленген сыйақыларға байланысты шығыстар орын алады.

Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы ағымдағы жылдың басынан бастап 12 457,5 млн. теңгеге немесе 93,7%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 25 749,8 млн. теңгені құрады.

** Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есеп беруді тоқсан сайынғы негізде ұсынады.*

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.